38	2023	Детская художественная школа «Младшая художка»	Асауова Мәриям	Мадақтама
39	2023	Международный конкурс детских творческих работ	Асауова Мәриям	Мадақтама
40	2023	«Інжу- маржан» атты дәстүрлі ән орындаушылар байқауы	Тамабаева Айша	II
41	2023	Республиканский турнир «Кубок Шахтерской столицы»	Шарағат Нұрғиса	Мадақтама

42	2023	«Жас футболшы» спорттық үйірмесі	Мейрам Әбілмансұр	Мадақтама
43	2023	Товарищеская встреча 26 между клубами	Мейрам Әбілмансұр	II
44	2024	Чемпионат по футболу по программе «Артспорт»	Мейрам Әбілмансұр	III

Қамқоршылық Кеңесі

https://drive.google.com/file/d/1x7Ckkz-kSbLbrre_fudy09-AFcrwBbNg/view?usp=sharing
https://drive.google.com/file/d/1ZLiUiBoSm2U48Sdp3pwoonp7NO8s2B_3t/view?usp=sharing

Қамқоршылық кеңес қызметінің негізгі мақсаты мектепке жарғылық функцияларды жүзеге асыруға жәрдемдесу болды. Қамқоршылық кеңестің құрамына кәсіпкерлердің, қоғам қайраткерлерінің өкілдері, оқушылардың заңды өкілдері кіреді. Қамқоршылық кеңес қызметінің қағидаттары - еріктілік, теңдік, алқалылық және жариялылық. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз функцияларын орындауы тек өтеусіз негізде жүзеге асырылды. Еңбек ұжымының, білім алушылардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, денсаулығын қорғауға, білім алушылардың қабілеттері мен таланттарын дамытуға, оқу, еңбек және демалыс үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған заңды өкілдерінің күш-жігерін біріктіру. Сондай-ақ кеңес мүшелері спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, әлеуметтік-мәдени, білім беру іс-шараларын өткізуге көмек көрсетеді; білім беру саласында ынтымақтастық орнатуға жәрдемдеседі.

Қорытынды: мектептің тәрбие жұмысын қанағаттанарлық деп тану, патриоттық тәрбиенің нысандарын белсендіру және әртараптандыру, оқушылар мен ата-аналарды әлем мәдениетіне, ғылымға, өнердің түрлі салаларына, ұлттық салт-дәстүрлерге, сыныптық және қоғамдық іс-шараларға қатысу арқылы баулу.

Ата-аналармен жұмыс.

Ата аналар жұртшылығымен келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді:

1. Жеке жұмысты ұйымдастыру, психологиялық-педагогикалық білімді насихаттау арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.
2. Білім алушылардың отбасылық тәрбиесінің жағдайларын психологиялық-педагогикалық диагностикалау, отбасының психологиялық атмосферасын, тәрбиелік әлеуетін анықтау.
3. Отбасына баланы зерттеуге және отбасылық тәрбиені түзетуге педагогикалық көмек, ата-аналарды практикалық дағдылармен қаруландыру.
4. Ата-аналардың оқу-тәрбие процесін басқаруға қатысуын ұйымдастыру.
5. Ата-ана активіне (Қамқоршылық кеңеске, мектеп ата-аналар комитетіне, үйірмелер мен секциялар басшыларына, ұжымдық шығармашылық істерді ұйымдастырушыларға) әдістемелік көмек көрсету.

6. Ата-аналар жұртшылығы мен алдын алу жүйесінің ұйымдарын тарта отырып, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі Кеңестің отырысына шақыру, консультациялар, профилактикалық әңгімелер өткізу арқылы проблемалы отбасылармен жеке жұмыс.

7. Ата-аналарға отбасының адамгершілік өмір салтын қалыптастыруға, нашақорлықтың алдын алуға және диагностикалауға, балалар мен жасөспірімдердегі басқа да жағымсыз көріністердің алдын алуға көмек көрсету.

8. Қосымша білім беру және демалыс қызметтері саласын кеңейту.

10. Ата-аналар және оқушылар, мұғалімдермен бірлескен жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Тұжырым:

-Патриоттық тәрбие нысандарын белсендіру және әртар аптандыру, ата-аналарды өнердің түрлі салаларына, ұлттық салт-дәстүрлерге, сыныптық және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуға тарту;

-Мектепшілік волейбол, баскетбол, стол теннисі, асық ату, спорт секциялары аясында қалалық деңгейде жарыстар ұйымдастыру;

-«Аналар», «Әкелер», «Әжелер, аталар» мектебінің жұмысын жандандыру.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

<https://drive.google.com/file/d/1SiJxufIxPm3Xon7TAJeqNQ5G5yVEDTZR/view?usp=sharing>

Жұмыстың мақсаты:

1. Оқу тәрбие үрдісін әлеуметтік қорғау және әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу.

2. Оқушыларға, олардың ата-аналарына, педагогикалық қызметкерлерге және білім беру процесінің басқа да қызметкерлеріне даму, тәрбиелеу, оқыту, тұлғаның қалыптасуына, дүние танымына, қоршаған ортамен өзара қатынастына байланысты сауалдарға нақты көмек көрсету.

Міндеттері:

1. Оқумен, тәрбиемен байланысты проблемалар бойынша отбасыға, балаға әлеуметтік-педагогикалық көмекті және қолдауды қамтамасыз ету, баланың дамуына кері әсер ететін себептерді жою.

2. Оқушылардың қызығушылықтарын және қажеттіліктерін, қиындықтарын және проблемаларын, мінез-құлығында және дамуда ауытқуды, әлеуметтік ортаға бейімделуді анықтау.

3. Оқушының тұрмыстық жағдайын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеу.

4. Әлеуметтік-педагогикалық көмекті және қолдауды қажет ететін оқушыларға уақытылы көмек көрсету, баланы әлеуметтік-педагогикалық қорғауға алу.

5. Оқушының жеке тұлғасы және мекеме, отбасы, орта, түрлі қызметтер мен ведомстволардың мамандары арасында байланыстыру

6. Әлеуметтік ынтаны дамытуға, әлеуметтік бағдарламалар және жобаларды іске асыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру.

7. Сабақтан тыс уақытта оқушының дарыны, ой және дене қабілеттерінің дамуына жағдайлар жасау.

8. Жеке тұлғаның мектепте, отбасыда, қоршаған әлеуметтік ортада психологиялық жайлылық және қауіпсіздік жағдайын жасауға көмектесу.

9. Құқықтық жалпы оқыту, салауатты өмір салтын ұйымдастыру арқылы оқушылар арасында әлеуметтік, делинквентті, аддитивті мінез-құлықтың алдын алу, профилактикалық бағытта жұмыс жасау.

10. Оқушыларға көмек көрсету үшін мұғалімдердің, ата-аналардың (оларды ауыстырып жүрген тұлғалар), түрлі қызметтер және органдар мамандарының әрекеттестігін үйлестіру.

Әлеуметтік педагог жұмысының негізгі бағыттары:

1. Диагностикалық қызметі:

- «қиын топ» оқушылары;
- кәмелет жасына толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, асырау сияқты өз міндеттерін орындамаған, сондай-ақ баланың дене адамгершілік жағынан дұрыс дамуына кері әсер ететін, оларға қатыгездікпен қарайтын «проблемалы» ата-аналармен жұмыс жүйесін қалыптастыру.

2. Қиын жағдайда қалған, шұғыл көмек қажет ететін балаларға әлеуметтік қорғау көрсету;

3. «Ерекше назардағы» оқушылармен, ата-аналармен жеке жұмыс іс-шараларын, жоспарын жандандыру;

4. Сынып жетекшілері, психолог, медицина қызметкерлері, мектептің басқа да қызметкерлерімен, ата-аналар комитетімен, құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесімен, оқушылардың өзін-өзі басқару органымен, құқықтық оперативті топпен, кәмелет жасына толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі комиссиямен, қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынасты үйлестіру. Жүргізілетін іс-шаралардың жылдық жұмыс жоспары жасалу барысындағы қолайсыз отбасы, материалдық-тұрмыстық деңгейлерін зерттеу, көп балалы отбасы, қамқорлыққа (қорғаншылыққа) алынған, тұрмысы нашар және жалғыз басты аналардың отбасыларында тәрбиеленіп жатқан оқушылардың сұраныстарымен талаптарын анықтау, материалдық көмек көрсету, олардың ата-аналарымен тығыз байланыста болу және тұрмысын зерттеу болды. Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер жанындағы жалпыға бірдей міндетті білім беру қоры күнкөрісі төмен отбасыларынан шыққан аса мұқтаж 1-11 сынып оқушыларын әлеуметтік қорғау

көрсету мақсатында құрылған. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 4-бабы 21-тармақшасын жүзеге асыру мақсатымен Қазақстан Республикасының Үкіметі 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін » бекітті. Осы мақсаттарға бөлінетін қаржыны мақсатты жұмсау білім мекемесінің бірінші басшысы арқылы қамтамасыз етіледі. Мектеп ішіндегі бұйрықпен бекітілген жауапты тұлға ата-аналардың немесе олардың орнындағы тұлғалардың өтініштері негізінде қаржылық және материалдық көмек көрсетуге мұқтаж балалардың тізімі жасалады.

Атқарылған жұмыс бойынша:

2022-2023 оқу жылында 1-11 сынып оқушы саны – 491 оның ішінде көп балалы отбасы – 52, аз қамтылған отбасы – 21, қамқоршысы бар отбасы – 5 (ықшам аудан бойынша – 5 отбасы), бала саны – 6 (ықшам бойынша – 6 бала). Әлеуметтік аз қамтылған отбасынан 188 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Жалға алушы есебінен ыстық тамақпен қамтылған оқушы саны – 10.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектепшілік тіркеуде болған оқушы саны – 0

Ата-аналарының өтініштері бойынша қала сыртындағы «Салют» лагеріне 9 оқушы демалуға жіберілді. «Жалпыға бірдей білім беру қоры» есебінен көмек алған отбасы саны – 4, бала саны – 9.

Әлеуметтік педагогикалық қолдау

<https://drive.google.com/file/d/18TUUaOIEYfuSjjL5MX-9ztVrnHSY-IMQ/view?usp=sharing>

Әлеуметтік педагогтың жұмысының негізгі мақсаты: Оқушылардың дамуын, тәрбиесін, білім алуын әлеуметтік тұрғыдан қорғау. Өскелең ұрпаққа заман талабына сай тәрбиелеу, тұлғаның бойына жауапкершілікті, өз отанына деген міндет-борышын атқаруға, оның гүлденіп, өркендеуіне атсалысуына үйрету, өз тіліне, өзіне сүйіспеншілігін қалыптастыру, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор көрсету, табиғатты аялауға ықпал ету. Балаға рухани демеу беру, тығырықтан шығаратын жол іздеу, сол жолды дұрыс тауып, дұрыс шешім қабылдау, балаға сенім ұялату, оның өмірінің жақсыға өзгеретіне сендіру.

Міндеттері:

- Оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылықтарын, мінезден ауытқушылығын, әлеуметтік ортаға бейімделу және әлеуметтік қорғалу деңгейін анықтау.
- Оқушыға қажетті қолдау мен әлеуметтік көмекті өз уақытысында көрсету.
- Оқушы-жеке тұлға мен мектептің, отбасы, орта, әлеуметтік қызмет мамандарын, әкімшілік орындарды тікелей байланыстырушы.
- Жеке тұлғаның бостандығы мен құқығын жүзеге асыруда, оқушыларды қолдау мен көмек көрсетуде т.б. әлеуметтік қорғау барысында шара қолдану.

- Мектепте, отбасыда, және қоршаған әлеуметтік ортада білім алушы жеке тұлғанның қауіпсіздігі мен психологиялық үйлесімділігіне жағдай туғызуына ықпал ету.
- Оқушының салауатты өмір салты үшін әлеуметтік ауытқушылық пен құқық бұзушылығының алдын алу.
- Оқушыларға көмек көрсету үшін мұғалімдердің, ата-аналардың, әлеуметтік қызмет көрсету мамандарының, әкімшілік ұйым өкілдерінің өзара әрекетін үйлестіру.

Көрсетілген мақсат-міндеттерден әлеуметтік педагогтың төмендегідей жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сай жұмыстары жасалынды, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қортындысын салыстырмалы көрсеткішін анықталып және жаңа оқу жылының жоспары жасалды. Мектептегі әлеуметтік педагогтың жұмысы жыл басында бекітілген жылдық жоспар бойынша жүргізілді. Бала тәрбиесі жүйелі жүргізілуі үшін оқу жылының басында сынып жетекшілеріне сынып оқушыларының, яғни баланың отбасы құрамы, тұрмыс жағдайы, ата-анасы туралы, толық немесе толық емес отбасы екендігі, жанұядағы психологиялық ахуалды және баланың жеке психологиялық даму деңгейін анықтау үшін, мектептегі оқушылардың әр отбасының әлеуметтік статусы анықталып мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды

Сынып жетекшілердің көмегімен оқушылардың құжаттары тексеріліп, мектеп бойынша ата-анасының қамқорлығынан айырылғандар, (жетім балалар), көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар, жағдайы төмен отбасылар саны анықталып, жалпы мектеп бойынша әлеуметтік кесте құрылды. Әлеуметтік педагог жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру болып табылады.

2023-2024 оқу жылының басында 1-11 сынып оқушы саны – 489 оның ішінде көп балалы отбасы – 82, аз қамтылған отбасы – 9, қамқоршысы бар отбасы – 4 (ықшам аудан бойынша – 4 отбасы), бала саны – 4 (ықшам бойынша – 4 бала). Әлеуметтік аз қамтылған отбасынан 8 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Жалға алушы есебінен ыстық тамақпен қамтылған оқушы саны – 5.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектепшілік тіркеуде болған оқушы саны – 0

Ата-аналарының өтініштері бойынша қала сыртындағы «Салют» лагеріне 9 оқушы демалуға жіберілді. «Жалпыға бірдей білім беру қоры» есебінен көмек алған отбасы саны – 5, бала саны – 9.

Республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында жүргізілген жұмыстар туралы

Қазақстан Республикасының білім беру туралы Заңын іске асыруда, оның ішінде мектеп жасындағы балаларды толық біліммен қамтылуын және Қарағанды

қаласының білім бөлімінің бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 01.08 - 30.09 күндері аралығында төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

Акцияның мақсаты – тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылардағы оқушыларды жаңа оқу жылына дайындау және балаларды әлеуметтік жағдайы себептерімен мектепке бармауының алдын алу.

Тамыздың 1-күнінен Республикалық «Мектепке жол» акциясының жоспары құрылып, бекітілді. Акция аясында: «Сенім телефондары» туралы ақпараттар таратылды, «Мектепке жол акциясы» стенді – 1, хабарландырулар таратылды.

Осындай маңызы бар шараны ұйымшылдықпен, мәнді өткізу үшін мектеп ұжымы, 9 «А» сынып оқушысы Тамабаев Бейбарыстың ата-анасы, 11 «Ә» сынып ата-аналары 8 оқушыға оқу-құралдары, сөмке, спорттық киім, аяқ-киіммен көмектесіп қол ұшын созып қайырымдылық көрсетті.

Наурыз «Қайырымдылық» жәрмеңкесі ұйымдастырылды, мектеп ұжымы, ата-аналар бірлесіп азық-түлік себеті жиналып, әлеуметтік осал топтағы отбасыларға таратылды.

Қарағанды қаласының білім бөлімінен келген сұранысы бойынша ата – анасының қамқорлығынсыз және кәмелет жасқа толмаған балалардың тұрғылықты жеріне оқу жылына 3 рет үйінің тұрмыстық жағдайын тексеру туралы акт жасалынды.

Құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстар

Мектеп инспекторы, тәрбие орынбасарымен, сынып жетекшілерімен бірлесіп оқушылардың үйіне барып ата-аналарымен сөйлесіп, әлеуметтік жағдайымен таныстық. Мектепшілік есепте, бақылауда тұрған оқушылармен профилактикалық кеңестер ұйымдастырылып, оқушылармен, ата-аналармен әңгімелесу жүргізілді.

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы» оқу жылына әлеуметтік паспорты 2023-2024 оқу жылы

	Әлеуметтік санаттар	Саны
1	Барлық оқушылар	489
2	Отбасы түрі бойынша:	
3	Толық отбасылар	432
4	Толық емес отбасылар	57
5	Анасы жоқ балалар	6
6	Әкесі жоқ балалар	41
7	Көп балалы отбасы	82
8	Аз қамтамасыз етілген отбасы	9
9	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	5
10	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	2

11	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0
12	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	2
13	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	1

№	Әлеуметтік санаттар	саны
---	---------------------	------

14	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0
----	--	---

**«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы» оқу жылына
әлеуметтік паспорты 2023-2024 оқу жылы**

	Барлық оқушылар	469
	Отбасы түрі бойынша:	
1.	Толық отбасылар	408
2.	Толық емес отбасылар	61
3.	Анасы жоқ балалар	4
4.	Әкесі жоқ балалар	12
5.	Көп балалы отбасы	115
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	7
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	1
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0
12.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0

Психологиялық қызмет

Оқушылардың психикалық және психологиялық денсаулығына, олардың әлеуметтенуіне, әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында гимназияда психологиялық қызмет жұмыс істейді.

Мектептің психологиялық қызметінің негізгі мақсаты – оқу-тәрбие үрдісінің барлық қатысушыларына жан-жақты әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

оқушылардың психикалық дамуының ерекшеліктерін диагностикалау, диагностикалық жұмыстардың нәтижелерін бақылау;

білім алушыларға дамудың, оқытудың, әлеуметтенудің өзекті мәселелерін шешуге көмектесу (оқу қиындықтары, кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері, құрдастарымен, ата-аналарымен, мұғалімдерімен қарым-қатынас мәселелері); - мектептегі әлеуметтік-психологиялық ахуалды үйлестіруге педагогикалық ұжымға көмек көрсету;

оқушылардың, ата-аналардың, мұғалімдердің психологиялық мәдениетін дамыту;

оқушыларда дұрыс өзін-өзі бағалауды дамытуға ықпал ету, мектептегі қорқыныш пен алаңдаушылықты жою;

әр жас кезеңінде оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруға ықпал ету; - балалардың танымдық және эмоционалды-еріктік салаларын дамытуға белсенді қатысу;

тұлға дамуының әрбір жас кезеңінде танымдық үрдістің дамуына ықпал ету жұмыстарын жалғастыру;

ынтасы төмен балаларға көмек көрсету үшін арнайы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау.

Берілген міндеттерді орындау бойынша жұмыстар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, мұғалімдермен бірлесе отырып жүргізіледі.

Білім беру үрдісін психологиялық қамтамасыз ету келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: психодиагностика, психотәрбиелеу, психологиялық алдын алу, психологиялық кеңес беру, психотүзету және дамыту, білім беру қызметінің барлық субъектілерімен әлеуметтік үйлестірілімділік қызмет.

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы» КММ-нің психологиялық қызметінің жұмысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы негізгі құжаттарына негізделеді:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;

БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2021 жылғы 24 қарашадағы өзгерістер мен толықтырулармен);

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі (өзгерістер мен толықтырулар 02.07.2021 ж.);

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (01.07.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (өзгерістер мен толықтырулар 01.07.2021 ж.);

«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Педагог-психолог өз қызметінде жұмыстың барлық бағыттарын қамтитын құжаттаманы жасайды, (номенклатура бойынша құжаттар тізімі):

<u>5 – 1</u>	<u>Нормативтік-құқықтық құжаттар</u>	<u>Қажеттілік өткенге дейін</u>
<u>5 – 2</u>	<u>Ұйымдастыру-әдістемелік құжаттар</u>	<u>1 жыл. 523</u>
<u>5 – 3</u>	<u>Жылдың ұзақ мерзімді жұмыс жоспары</u>	<u>5 жыл</u>
<u>5 – 4</u>	<u>Жұмыс барысы туралы есептер (жылсайын)</u>	<u>5 жыл 368.п.1</u>
<u>5 – 5</u>	<u>Психодиагностикалық әдістер (тізіммен)</u>	<u>Жаңаға ауыстырғанға дейін</u>
<u>5 – 6</u>	<u>Психодиагностика бойынша құжаттар және оқушылардың психологикалық педагогикалық карталары (жеке)</u>	<u>1 жыл п.523</u>
<u>5 – 7</u>	<u>Психопедагогикалық құжаттар</u>	<u>1 жыл п.523</u>
<u>5 – 8</u>	<u>Психологиялық профилактикалық құжаттар</u>	<u>1 жыл п.523</u>
<u>5 – 9</u>	<u>Кеңес беру есебінің журналы</u>	<u>5 жыл п.535</u>
<u>5 – 10</u>	<u>Түзету және дамыту жұмыстары бойынша құжаттар</u>	<u>1 жыл п.523</u>
<u>5 – 11</u>	<u>Жұмыс түрлері есебінің журналы (хронометраж)</u>	<u>Қажеттілік өткенге дейін</u>
<u>5 – 12</u>	<u>Жеке жұмыс бойынша құжаттар</u>	<u>Қажеттілік өткенге дейін</u>
<u>5 – 13</u>	<u>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу туралы құжаттар</u>	<u>5 жыл п.796</u>
<u>5 – 14</u>	<u>Номенклатуралық істер тізімі</u>	<u>үнемі</u>
<u>5 – 15</u>	<u>Психологиялық-педагогикалық консилиум балаларын жазу журналы</u>	<u>үнемі</u>
<u>5 – 16</u>	<u>ППК отырыстарын тіркеу журналы; ҚПҚ қорытындылары мен ұсынымдарын тіркеу журналы</u>	<u>үнемі</u>
<u>5 – 17</u>	<u>Динамикалық бақылауда тұрған балалардың есебін жүргізетін журнал</u>	<u>үнемі</u>
<u>5 – 18</u>	<u>Оқушыларға консилиум үшін мамандар ұсыну</u>	<u>үнемі</u>

2021 жылдың сәуір айынан бастап педагог-психологтің құжаттамасы HR+ психологиялық-педагогикалық мониторингінің автоматтандырылған жүйесі аясында электронды форматта жүргізілуде.

Барлық психодиагностикалық жұмыстар жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Ата-аналар мен мұғалімдер психодиагностика нәтижелерімен

таныстырылды (ата-аналар жиналысында және топтық және жеке кеңес беру кезінде).

Педагог-психологтің психодиагностикалық жұмысы келесі әрекеттерді қамтиды:

1, 5-сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу (офлайн);

1, 11-сынып оқушыларының мотивациялықаумағын зерттеу (HR+ жүйесі шеңберінде);

1-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуының диагностикасы МЭДИС (офлайн);

Филлипс бойынша 5-сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін зерттеу (HR+ жүйесі шеңберінде);

7-11-сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауы бойынша диагностика: (HR+ жүйесі аясында цифрлық кәсіптік бағдар беру науқаны);

тұлғааралық қарым-қатынастарды зерттеу (социометрия) (HR+ жүйесі шеңберінде);

9, 10-сыныптар үшін мазасызданудың Кондаш диагностикасы (HR+ жүйесі аясында);

7 және 9-сынып оқушыларының агрессивтілік түрін анықтау диагностикасы (Басс-Даркитесті) (HR+ жүйесі шеңберінде);

9-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуының диагностикасы ШТУР (HR+ жүйесі шеңберінде);

Диагностикалық зерттеулердің нәтижелері №11 кестеде келтірілген.

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп- гимназиясы» КММ-нің 3 жыл бойынша психологиялық диагностикалар нәтижелерінің мониторингі

№	Диагностика	Оқу жылдары		
		2022 -2023	2023-2024	2024-2025 (1 тоқсан)
1	Интеллектуалдық даму диагностикасы	Ж.-50% О.-41% Т.-9%	Ж.-51% О.- 41% Т- 8%	Ж.-52% О.-42% Т.-6%
2	Мотивацияның қалыптас қанын зерттеу	В.-64% Ср.-35% Н.-1%	В.-65% Ср.-32% Н.-3%	В.-66% Ср.-32% Н.-2%
3	Тұлғааралық қатынастарды зерттеу(социометрия)	Жұлдыздар- 8% Қалаулы -23% Қабылданған - 55% Елеусіз - 13% Бас тарт. -1%	Жұлдыздар - 9% Қалаулы -24% Қабылданған -56% Елеусіз -10% Бас тарт -1%	Жұлдыздар- 10% Қалаулы -25% Қабылданған 57% Елеусіз -7% Бас тарт -1%

4	5-сынып Оқушыларының мектептегі мазасыздану деңгейін зерттеу	Ж.-5% О.-24% Т.-71%	Ж.-4% О.-25% Т.-71%	Ж.-5% О.-26% Т.-69%
5	1-сынып Оқушыларының бейімделуі	Ж.-56% О.-34% Т.-10%	Ж.-55% О.-36% Т.-9%	Ж.-57% О.-34% Т.-9%


Ескерту:

Ж.-жоғары деңгей

О.- орта деңгей

Т.-төмен деңгей


Социометриялық зерттеулердің нәтижелері 3 жыл



Социометриялық мәліметтерді салыстырмалы талдау мектеп ұжымындағы оқушылар үшін жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуалды көрсетеді. 2024-2025 оқу жылының I тоқсанында қарым-қатынас сәл-ауқатында орташа деңгейлі («қабылданғандар» 57%) оқушылардың басымдығы байқалады. Топтағы қабылданбағандар 1% құрайды.

5-11 сынып оқушыларының оқу мотивациясының қалыптасуының 3 жылдағы сауалнама нәтижелері

Танымдық мотивацияның қалыптасуын зерттеу барысында I тоқсанда 5-11 сынып оқушыларының 64% танымдық мотивацияның оңтайлы деңгейін көрсеткені анықталды, бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда 1% жоғары. Бұл оқушылар өз білімдерін тереңдетуге, көшбасшылар қатарында болу үшін жақсы оқуға, факультативтер мен үйірмелерге қатысуға ұмтылады, өйткені олар мұғалімдердің сабақта талап ететінінен көбірек білгісі келеді.




2024-2025 оқу жылының I тоқсанында танымдық мотив жетекші орында (76%) – бұл оқушылар білім алудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге бағытталған: білімді өз бетінше меңгеру әдістеріне, ғылыми білім әдістеріне, өзін-өзі реттеу әдістеріне қызығушылықтары. Тәрбие жұмысының, олардың тәрбие жұмысын ұтымды ұйымдастыруы.

Екінші орында жетістік мотивтері (74%), жетістікке жетуге ынталы оқушылар әдетте алдына қандай да бір оң мақсат қояды, оны жүзеге асыруға белсенді қатысады және осы мақсатқа жетуге бағытталған құралдарды таңдайды.

Үшінші орында, көрсеткіштер бойынша, өзін-өзі дамыту мотиві (73%) – қызмет үрдісі мен нәтижесіне қызығушылық, өзін-өзі дамытуға ұмтылу, адамның кейбір қасиеттері мен қабілеттерін дамыту.

Оқушылардың интеллектуалдық дамуын зерттеу нәтижелері 3 жылғы




Зерттеу нәтижелерін сапалық және сандық талдау 5-11 сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуы деңгейінің 2024 жылы 1 тоқсанда 1%-ға өскенін анықтады. Зерттеу талдауы көрсеткендей, 5-11 сынып оқушылары үшін ең қиын тапсырмалар нысандар мен ұғымдарды жалпылау және салыстыру қабілетіне арналған тапсырмалар болды.

Оқушылар тапсырмаларды орындау қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары бойынша тапсырмаларда ең көп қателіктер жіберді. Оқушылар физика, математика және гуманитарлық пәндер бойынша тапсырмаларды сәтті орындады.

Оқушылардың интеллектуалдық дамуын одан әрі дамыту үшін сынып жетекшілеріне тақырыптық сынып сағаттарында әртүрлі шығармашылық тапсырмалар мен кинезиологиялық жаттығуларды қолдану ұсынылды.

Бірінші сынып оқушыларының бейімделу нәтижесі 3 жылғы



Психологиялық қызмет жұмысының маңызды кезеңдерінің бірі 1 және 5 сынып оқушыларының бейімделуі болып табылады, өйткені бұл кезеңде оқушылардың танымдық, мотивациялық және эмоционалды еріктік бөлімдерінің қайта құрылымдауы жүреді.

Бейімделу бойынша зерттеу нәтижелерін талдау 2024 жылы 1 тоқсанда үлгерімі жоғары оқушылар санының 3%-ға өскенін көрсетеді.


1-сынып оқушыларының аз бөлігі әлі де оқу іс-

Әрекетінде қиындықтарды бастан кешіреді (эмоционалды-еріктік бөлімінің бұзылуы, сондай-ақ ата-ана бақылауының болмауы себеп болуы мүмкін).

Оқуда қиындықтары бар барлық оқушыларға психологтің көмегі ұсынылды.

Мұғалімдерге оқушылармен саралау әдісін қолдану ұсынылды.

Бесінші сынып оқушыларының бейімделу нәтижесі 3 жылғы



Бейімделу бойынша зерттеу нәтижелерін талдау 2024 жылдың 1 тоқсанында 5-сынып оқушылары арасында бейімделуге қиын 9% балалардың бар екенін анықтады. Оның себебі олардың арасында басқа мектептен келген балалардың болуы, ата-ана тарапынан бақылаудың төмендігі болуы мүмкін.

Бейімделу кезеңінде оқушыларды бақылау нәтижелері оқу іс-әрекетінде және оқу үлгерімінде мәселелерді көрсетті (23%).

Мұны оқушылардың жасерекшеліктерімен, олардың эмоционалдық тұрақсыздығы, кенеттен көңіл-күйлерінің өзгеруі, қызығушылықтарының тұрақсыздығымен түсіндіруге болады. Ұл балаларда эмоционалдық тұрақсыздықтың шыңы 11 мен 13 жасаралығына сай келеді (5-6-сыныптар).

Бейімдеулері қиын оқушылар мен жеке жұмыстар жүргізіліп, ата-аналар мен кездесулер ұйымдастырылды.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиядағы білім беру қызметінің сапасына қанағаттанушылықты зерттеу нәтижелері

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназияда көрсетілетін қызметтердің сапасын қанағаттандыру мақсатында 2024 жылдың қыркүйегінде зерттеу жүргізілді.

Зерттеу әдісі: сауалнама. Сауалнама Google Forms-те анонимді түрде жүргізілді.

Әдістеменің сипаттамасы: білім алушыларға 16 сұраққа жауап беру ұсынылды, бұл келесі көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді

Гимназиядағы ішкі психологиялық климат (1,2 сұрақ)

Студенттер мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынас (3,4 сұрақ)

Оқушылардың жеке, шығармашылық қабілеттерін дамыту (12 сұрақ)

Оқушылардың қауіпсіздігін, жайлылығын және сенімділігін сезіну (5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 сұрақ)

Оқушылардың мектеп өміріне деген қызығушылығы (13, 14, 15 сұрақ) Өңдеу барысында әрбір көрсеткіш респонденттердің жалпы санынан пайызбен көрсетілді.

Нәтижелерді интерпретациялау: қанағаттану көрсеткіші (Қ) – барлық респонденттердің жауаптарының жалпы балын жауаптардың жалпы санына бөлу коэффициенті. Егер Қ 3-тен үлкен немесе тең болса, қанағаттанудың жоғары дәрежесі; 2-ден 3-ке дейін – қанағаттанудың орташа дәрежесі; егер Қ 2-ден аз болса, қанағаттану дәрежесі төмен. Содан кейін қанағаттану деңгейі жоғары, орташа және төмен респонденттердің саны есептеледі.


2024 жылдың қыркүйегіндес сауалнамаға 2-11 сыныптардың 490 оқушысы (жалпы оқушылар санының 90%) қатысты.

Оқушылар сауалнамасының нәтижелері:

Жоғары дәрежелі Қ – 294 оқушы 60%

Орташа дәрежелі – 147 оқушы 32%

Төмен дәрежелі – 49 оқушы 10%



1-сурет. 2024 жылға арналған оқушылар сауалнамасының нәтижелері

Қорытынды: жалпы алғанда оқушылардың қанағаттануының жоғары және орташа дәрежесі 90% құрайды, бұл қанағаттанудың жеткілікті жоғары деңгейін көрсетеді.

Әрбір сауалнама сұрағына оң жауаптар нәтижелерінің кестесі

№	Сұрақ	2024 жыл
1	Маған өз мектебімде оқу қызықты.	94%
2	Менің сүйікті пәндерім бар. (егер бар болса, қандай)	86%
3	Менің сүйікті ұстаздарым бар	94%
4	Қиын жағдайда кеңестер мен көмек алу үшін біздің мектеп мұғалімдеріне жүгінуіңізге болады.	87%
5	Сабақта өз ойымды еркін айта аламын	83%

6	Сабақ барысында мұғалім менің тәртібімді емес, білімімді бағалайды.	74%
7	Мен мектепте жиі шаршаймын	34%
8	Менің мектебімде топтық және жеке жұмыстардың саны күніне екеуден асады.	95%
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз және психологиялық жайлы сезінемін.	88%
10	Тамақтың сапасына көңілім толады	80%
11	Мен өз құқықтарымды білемін	97%
12	Мектептегі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын	70%
13	Менің мектептегі іс-шараларға қатысуға деген құлшынысы мен қажеттілігім бар	79%
14	Менің жетістігім мектебімде пайдалы әрі маңызды іспен айналысқанда байқалады.	81%
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқитынымды мақтан тұтамын	95%
16	Пікірлер, сұрақтар	50%

16-сұрақ бойынша 245 адам (50%) пікір жазды.

Пікірлер келесідей болды: - гимназияның гүлденуіне тілектестік білдіріп, алғысын білдірді – 122 оқушы.

(50%);

- гимназия асханасында кәсіп арқылы төлеуге рұқсат ету – 73 оқушы. (30%); - спорттық аяқ киім (кроссовки) киюге рұқсат – 49 оқушы. (20%).

Ата-аналардың қанағаттануын зерттеу

Білім сапасы оқу жағдайларының кең ауқымын білдіреді. Білім сапасын өлшеу үшін статистикалық көрсеткіштер, тіпті өте егжей-тегжейлі және сенімді көрсеткіштер жеткіліксіз, бұл параметрлердің адамдардың қажеттіліктеріне сәйкестігін субъективті бағалау қажет. Субъективті бағалау маңызды, себебі олар әлеуметтік және демографиялық топтар бойынша сараланады және қоғамның білім беру қажеттіліктерінің жан-жақты бейнесін жасауға мүмкіндік береді. Демек, білім сапасы – білім беру қажеттіліктерін қанағаттандырудың объективті көрсеткіштері мен субъективті бағалауларында көрініс табатын және қоғамдағы мәдени ерекшеліктерге, құндылықтар жүйесіне және әлеуметтік стандарттарға байланысты адамдардың өзінің білім дәрежесін қабылдауымен байланысты білім беру жағдайларының кешенді сипаттамасы. Осы білім сапасының түсінігіне сәйкес ата-аналардың (занды өкілдердің) оқу үдерісіне және мектептегі білім беру қызметінің сапасына қанағаттануына зерттеу жүргізілді.

Зерттеу әдісі: сауалнама. Сауалнама Google Forms-те анонимді түрде жүргізілді. Әдістеменің сипаттамасы: ата-аналарға 17 сұраққа жауап беру ұсынылды, онда келесі көрсеткіштер анықталды:

Балалардың гимназияда болу жағдайларына қанағаттануы (1,2,5,6,13,14,17-сұрақ)
Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру және гимназияның басқару саясаты (8, 10, 16 сұрақ)

Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша ата-аналардың гимназияға қанағаттануы (12, 15-сұрақ)

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға қанағаттанушылық (9, 11 сұрақ) •
Балалардың алатын білім сапасына қанағаттануы (3, 4, 7, сұрақ)

Нәтижелерді талдау: қанағаттану көрсеткіші (Қ) – барлық респонденттердің жауаптарының жалпы балын жауаптардың жалпы санына бөлу коэффициенті. Егер Қ 3-тен үлкен немесе тең болса, қанағаттанудың жоғары дәрежесі; 2-ден 3-ке дейін – қанағаттанудың орташа дәрежесі; егер Қ 2-ден аз болса, қанағаттану дәрежесі төмен. Содан кейін қанағаттану деңгейі жоғары, орташа және төмен респонденттердің саны есептеледі.

Зерттеудің мақсаты ата-аналардың білім беру қызметінің сапасына қанағаттануын зерттеу болды.

Зерттеу әдісі – социологиялық сауалнама (сұрақ қою).


2024 жылдың қыркүйек айында 300 ата-ана қатысты.

Ата-аналар сауалнамасының нәтижелері:

Жоғары дәрежелі Қ – 210 ата-ана 70%

Орташа дәрежелі Қ – 75 ата-ана 25%

Төмен дәрежелі Қ – 15 ата-ана 5%



2-сурет. 2024 жылға арналған ата-аналар сауалнамасының нәтижелері

Қорытынды: жалпы ата-аналардың қанағаттануының жоғары және орташа деңгейі 95% құрайды, бұл қанағаттану деңгейінің айтарлықтай жоғары екендігін көрсетеді.

Әрбір әдіс сұрағына оң жауаптардың нәтижелерінің кестесі

№	Сұрақ	2024 жыл
1	Менің балам мектепке барғанды ұнатады	95%
2	Сыныпта жағымды атмосфера қалыптасады	94%
3	Мектеп сапалы білім береді.	93%
4	Балама оқу пәндері оңай.	79%
5	Мұғалімдер баламыздың оқудағы жетістігін әділ бағалайды.	88%
6	Балама сабақ, үй тапсырмалары шамадан тыс жүктелмейді.	77%
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдер баламыздың қабілетінің көрінуіне және дамуына жағдай жасайды.	91%
8	Балама оқудағы жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттың сапасына қанағаттанамын.	95%
9	Мектептегі мектептен тыс бағдарламаға ризамын.	87%
10	Баламның сынып жетекшісінің жұмысына ризамын.	97%
11	Мектепте балаларымыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі.	90%
12	Мектеп асханасының/буфеттің жұмысына көңілім толады.	72%
13	Мұғалімдер педагогикалық этика нормаларын сақтайды.	92%
14	Балам мектепте өзін қауіпсіз сезінеді.	95%
15	Мектеп балаңыздың денсаулығына мән береді.	91%
16	Мектеп әкімшілігінің жұмысына ризамын.	84%
17	Мектеп өміріне қатысуға деген ынта бар.	85%
18	Пікірлер, сұрақтар	50%

18-сұрақ бойынша 150 адам (50%) пікір жазды.

Пікірлер келесідей болды:

Гимназияның өркендеуіне тілектестік білдіріп, алғысын білдірді – 75 ата-ана (50%);

Қосымша үйірмелер мен секциялар – 37 ата-ана (25%);

асханаға онлайн төлемді енгізу – 38 ата-ана (25%)

Қорытынды:

Ата-аналардың көпшілігі гимназияда оқитын балалардың танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыратынын, құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігін, уақытын қызығушылықпен және пайдалы өткізуді, түрлі деңгейде ұйымдастырылатын шараларға қатысатынын атап өтті.

Сондай-ақ ата-аналар гимназияда оқушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

Сауалнама барысында ата-аналарға мекеме мен ата-аналардың өзара әрекеттесу деңгейін бағалау сұралды. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың көпшілігі өз балаларының жетістігі туралы толық ақпаратқа қол жеткізе алатынын, мұғалімдер мен әкімшіліктің балаларын тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде әртүрлі көмек көрсететінін атап өтті.

Мұғалімнің қанағаттанушылығын зерттеу

Зерттеу әдісі: социологиялық сауалнама. Сауалнама Google Forms-те анонимді түрде жүргізілді.

Әдістеменің сипаттамасы: мұғалімдерге 15 сұраққа жауап беру ұсынылды, бұл келесі көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді

Жұмысты ұйымдастыруға қанағаттанушылық (1, 2, 3, 8 сұрақ)

Мұғалімнің кәсіби және басқа да жеке қасиеттерін көрсету және жүзеге асыру мүмкіндігіне қанағаттану (1, 11, 12 сұрақ)

Мұғалімдермен және гимназия әкімшілігімен қарым-қатынасқа қанағаттанушылық (4, 7, 9 сұрақтар)

Оқушылармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынасқа қанағаттанушылық (5, 13, 14)

Мұғалімнің іс-әрекетін қамтамасыз етуге қанағаттанушылық (1, 6, 10 сұрақ) 2024 жылдың қыркүйек айында 50 мұғалім қатысты.

Мұғалімдер сауалнамасының нәтижелері:

Жоғары дәрежелі Қ – 40 мұғалім 80%

Орташа дәрежелі Қ – 8 мұғалім 15%

Төмен дәрежелі Қ – 2 мұғалім 5 %



3-сурет. Мұғалімдердің 2024 жылғы сауалнамасының нәтижелері Қорытынды: гимназиядағы жұмыс сапасына мұғалімдердің 100%-ы қанағаттанады.

Әрбір әдіс сұрағына оң жауаптардың нәтижелерінің кестесі

№	Сұрақ	2024 жыл
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	100%
2	Маған тиімді әдістемелік көмек көрсетіледі	92%
3	Жұмыс жағдайына көңілім толады	97%
4	Мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне көңілім толады	97,5%
5	Мектеп оқушылар арасындағы қақтығыстарды тоқтатып, тиімді шешеді.	97,5%
6	Мектептің оқуматериалдық базасына көңілім толады	88%
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан	97,5%
8	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	92%
9	Оқу сабақтарының сәтті өтуі үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдармен қамтамасыз етілген	85%
10	Мектеп менің кәсіби және шығармашылық өсуіме жағдай жасады	95%
11	Мектепте мұғалімдерді ынталандыру әдістері белгіленген	90%
12	Мен бірге жұмыс жасайтын балалар білімге ұмтылады.	95%
13	Оқушыларыммен қарым-қатынасыма көңілім толады	97,5%
14	Сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма көңілім толады	92,5%
15	Сұрақтар, пікірлер	88%

25 мұғалім (25%) 15 сұраққа пікір жазды

Мектеп-гимназияның материалдық-техникалық базасының сапасын арттыруды жалғастыру 10 мұғалім (40%)

мұғалімдерді ынталандыру жүйесін жетілдіру 7 мұғалім (30%)

гимназияның көркеюіне тілектес 8 мұғалім (30%)

Сауалнама нәтижелерінен қорытынды: білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың сауалнама нәтижелерін талдау негізінде гимназия жұмысына, яғни гимназия қызметіне қанағаттану деңгейі басым деп айтуға болады, табысты және білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандырады деп санауға болады.

Мектеп педагог-психологінің ата-аналармен жүргізетін ағарту және алдыналу жұмыстарының мазмұны балалардың өзекті мәселелерін талдау болып табылады.

Сынып жиналыстарында, тәрбие күндерінде психологиялық әңгімелесу кезінде педагог-психолог баланың дамуының осы кезеңінде тиімді болатын ата-ана мен бала қарым-қатынасының түрлерін ұсынады.

Оқу жылында келесі ата-аналар жиналысы өткізіледі:

«Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек»;

«5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңінде ата-аналарға психологиялық көмек көрсету»;

«Жасөспірімдердің ата-аналарына психологиялық көмек»;

«4-сынып оқушыларының орта білімге көшуге дайындығы» тренинг элементтерімен (4-сынып). - «Мен табысты ата-анамын»

«Мен және менің балам»;

ата-аналарды 7-11-сыныптардағы цифрлық кәсіптік бағдарлау HR+ жүйесі компаниясы туралы ақпараттандыру (бағдарламасы бойынша); - қалалық ата-аналар Форумна қатысу (2024-2025 оқу жылы).

Ата-аналармен кеңес беру, алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін жеке консультациялар (сұраныс бойынша) өткізіледі.

Психологиялық қызмет «Мектеп қауіпсіздік» тобымен бірлесіп, өмірлік қиын жағдайға тап болған оқушылармен тұрақты түрде жұмыс жасайды:

оқушылардың жеке қасиеттерінің диагностикасын ұйымдастыру және жүргізу (ата-аналарының өтініші бойынша);

оқушылардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға, алаңдаушылық, агрессивтілікке деңгейін төмендетуге,

әлеуметтік интеллектін арттыруға және өзін-өзі реттеуде дағдыларын дамытуға бағытталған жекетүзету сабақтары;

мектептің ақпараттық сайтында және жасөспірімдер чаттарында сенім телефондарын орналастыру.

Жеткіншектердің тұрақты тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасау мақсатында орта буын оқушыларымен «Өзіңе апарар жол» факультатив сабақтары өткізіледі. Сабақ барысында мәселелік өмірлік жағдаяттарды өз бетінше сәтті жеңуге, мектептен кейінгі тәрбиелік және қоғамдық ортаға әлеуметтену күзін реттілігін қалыптастыру дағдылары мен біліктері қалыптасады. Сабақтағы жұмыс әдістеріне лекция, әңгімелесу, пікірталас, рөлдік және іскерлік ойындар, семинарлар, тренингтер, жаттығулар, ертегі терапиясы, арт-терапия жатады. Оқушылардың үрдіске белсенді субъективті қатысуын көздейтін интерактивті формалар басым қолданылады. Таңдау бойынша қорытынды жұмыс – «Біздің сынып» жобасын топтық құрастыру және қорғау.

Гимназияда жоғары сынып оқушыларының оқу бейінін және болашақ кәсіптік қызмет саласын таңдау үрдісінде оқушыларға кәсіптік бағдар беруді қамтамасыз ету мақсатында педагог-психолог «Мамандықтар әлемінде» элективті

сабағын жүргізеді. Оқушылар мамандықтар әлемімен, еңбек нарығының талаптары мен білім беру қызметтерімен, мамандық таңдау ережелерімен танысады. Бұл сабақтарда жүйке жүйесінің ерекшеліктерін, ойлауын, мінез-құлқын, қызығушылықтары мен кәсіби бейімділіктерін зерттеуге бағытталған диагностикалық әдістер қолданылады. Жұмыс ойын әдістерін, модельдеу әдістерін, диагностикалық әдістерді, топтық жұмыс әдістерін, тренингтерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Факультативтік сабақтардың нәтижесі оқушылардың «Менің болашақ мамандығым», «Атаанамның мамандығы», «Менің арманымдағы мамандық» тұсаукесерлері болады, олардың ең үздіктері әртүрлі кәсіптік бағдар беру байқауларына қатысады.

Емтихан тапсыру кезінде (9 және 11-сыныптар) оқушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында тренинг элементтері бар бірқатар сабақтар өткізіледі:

«Емтихан тапсыруға психологиялық тұрғыдан қалай дайындалу керек?»;

«Стресс. Стрестік жағдайдан шығу жолдары»;

«Өзінді басқаруды үйрен»;

«Жақында емтихандар» (кеңестер, бейнероликтер, 9-11-сыныптар) т.б.

Психологиялық қызметтің маңызды бағыты оқушылардың аутодеструктивті және қоғамға жат мінез-құлықтарының алдын алу болып табылады.

Жұмыс бекітілген жоспар бойынша оқу-тәрбие үрдісінің барлық қатысушыларымен: оқушылармен, мұғалімдермен, гимназияның техникалық қызметкерлерімен, ата-аналармен жүргізіледі.

Жыл бойына бірқатар іс-шаралар өткізіледі:

әртүрлі тақырыптарда ата-аналар жиналысын өткізу;

аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының және қорғаншылықтағы балалардың тұрмыс-жағдайын тексеру;

арнайы педагогикалық назарды талап ететін балалардың деректер банкіні құрастыруға назар аудару;

оқушылармен жеке сабақтар (ата-аналардың өтініші бойынша);

1-11-сынып оқушылары үшін «Қауіпсіз интернет» сынып сағаттары; -

«Эмоциялар. Эмоцияларды басқару», «Психикалық денсаулық дегеніміз не?»;

«Біз кім үшін және не үшін оқимыз?», «Бұл қиын жастық шақ» (5-6 сыныптар);

«Мектептегі жанжалдардың алдын алу»;

қоғамдық орындарда қауіпсіз мінез-құлық, жеке шекара тақырыптары бойынша сабақтар;

-психологиялық мәселелер туындағанда ата-аналарға, балаларға немесе мұғалімдерге жедел кеңес беру.

Сынып жетекшілері мен гимназия мұғалімдеріне психологиялық тәрбие беру мақсатында жыл бойына «Мұғалімдердің эмоционалдық күйзелуі», «Мектептегі буллингтің алдын алу», «Мектеп оқушыларын оқуға қалай ынталандыру керек?», «Ұжымдағы қақтығыстарды қалай шешуге болады?» атты семинарлар өткізіледі т.б.

Емтихан кезінде оқушыларды педагогикалық қолдау және сүйемелдеу үшін сынып жетекшілер мен мұғалімдерге арналған практикалық ұсыныстар әзірленді.

Мектептің қауіпсіздік командасымен бірлесіп жыл сайын гимназия оқушыларымен құқықтық сауаттылық апталығы, инабаттылық сағаты, «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!», «Төзімді бол», «Алғыс айтуды үйрен» т.б тренингтер өткізіліп тұрады.

Ата-аналармен жұмыс жасау бойынша ұсыныстар әзірленді: «Балалармен қарым-қатынас жасау ережелері», «Балалық шақтағы агрессияның алдын алу», «Ата-анаға 10 өсиет», «Сіздің балаңыз - бірінші сынып оқушысы», «Z ұрпағымен қалай қарым-қатынас жасау керек» т.б.

Сынып жетекшілеріне - «Оқушылармен психикалық денсаулықты сақтау сабағын қалай өткізу керек».

Осылайша, гимназияның психологиялық қызметі оқушылардың әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық дамуына, психологиялық денсаулығын сақтауға және оқу-тәрбие үдерісінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсетуге барынша көмек көрсетеді.

Мектеп оқушыларына медициналық қызмет көрсету.

Қосымша. Медициналық қызмет құжаттары, 10-қосымша.

<https://drive.google.com/file/d/16WlGHC-8rTEYGjI1FsyGTIVbyTHXO8G/view?usp=sharing>

Медициналық пункттің құрамына біріктірілген кабинеттер кіреді: медициналық кабинет (14,1 м2) және процедуралық, екпе кабинеті (18.0 м2). Қолды жууға арналған санитайзер мен раковина суық және ыстық сумен жабдықталған. Медицина қызметкерінің кабинеті және процедуралық, екпе кабинеті СанПиН талаптарына сәйкес.

Медициналық кабинетте қажетті жабдықтар бар: кушетка, медициналық шкаф, тоңазытқыш, медициналық үстел, жұмыс үстелі және орындықтар; санузел және коммуникациялар тартылған.

Дәрілік препараттар мен құралдардың болуы медициналық кабинетті жарақтандыруға арналған медициналық жабдықтар мен құралдардың ең аз тізбесіне сәйкес келеді (ҚР ДСМ 06.08.21 ж. № 76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының 10-қосымшасы). Ауаны зарарсыздандыру үшін бактерицидтік сәулелендіргіш бар. Балаларға медициналық көмекті медбике А. Р. Досжанова көрсетеді, 1994 жылы Жамбыл атындағы медициналық училищесін "Мейірбике ісі" мамандығы бойынша бітірген. Жұмыс өтілі-25 жыл. Мектеп оқушыларына вакцинация жүргізуге рұқсат және сертификаты бар. Мектепте медициналық қызметті "Қалалық алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығы" ЖШС жүргізеді және мемлекеттік лицензияға сәйкес жүргізеді.

Оқу жылы ішінде «Қалалық алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығы" ЖШС емханасының мамандары: педиатр, хирург, невропатолог, окулист, отоларинголог, эндокринолог, оқушылардың денсаулық жағдайына медициналық бақылау (Кәсіптік тексеру) жүргізеді.

Медициналық кабинет барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған. Барлық педагогтарда, медицина қызметкерлерінде жұмысқа рұқсаты, санитарлық кітапшалар бар. Әр оқушыда профилактикалық екпе картасы және "баланың денсаулық паспорты" бар.

Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Қосымша. Тамақтану объектісінің құжаттары, 11-қосымша
<https://drive.google.com/file/d/1aRFcVJYYyviI944ErcHJT2ca7M0zOoQ6/view?usp=sharing>
<https://drive.google.com/file/d/1gqOssf3r1fjJNB4q3Q1qPydWZ5RQ6Kl0/view?usp=sharing>

Мектеп бойынша асхана 48 орынға арналған. Ас ішу залында үстелдер, орындықтар, қол жуатын раковина, сұйық сабын, қоқыс салатын жәшік орналастырылған. Асханада «Ас адамның арқауы!» тақтасы, ақпараттық стендтер ілінген. Мектеп асханасында 4 қызметкер жұмыс атқарады. Санитарлық кітапшалары талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім киеді. Ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары үш данадан бар. Ас дайындау барысында, асхана ішінде санитарлық талаптарды орындайды.

2024-2025 оқу жылында жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарындағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушылар тегін тамақтанды 3 оқушы ыстық тамақпен қамтылды.

2024-2025 оқу жылы бойынша мектеп контингентін 465 оқушы құрап отыр және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 «Білім беру объектілеріне қойылған санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата – аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарды сатып алу» қағидаларын бекіту бұйрықтарын орындау негізінде жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақтануымен қамтамасыз етуде мектеп бойынша 1 - 4 сынып оқушылары яғни 188 оқушы тамақтанып отыр. Тамақтану мәселелерін мектепке бекітілген арендатор Жеке кәсіпкер М. Б.

Саттибаевамен ыстық тамақ ұйымдастыруға шарт жасалды, Кәсіпкер асхананы тиісті біліктілігі бар кадрлармен, ыстық түскі ас дайындау үшін азық-түлік тауарларымен үздіксіз қамтамасыз етеді.

Қосымша. Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет
<https://drive.google.com/file/d/1IqnUcsdCQYpKw2FHlQp0t72MiNAkp-e2/view?usp=sharing>

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепте кіре берісте өткізу режимі орнатылған. Мектеп қызметінің белгіленген тәртібін сақтауға және қамтамасыз етуге бағытталған арнайы шаралар кешенін көздейді және мектеп оқушылары мен қызметкерлерін, азаматтарды мектептің әкімшілік ғимаратына өткізу тәртібін айқындайды. Мектепке кіре берісте турникет орнатылған. Күзетті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді «Қаржас М». Күзет агенттігі қамтамасыз етеді. Тәулік бойы мектепте бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді. Мектепте ішкі 15 және сыртқы 8 бейнекамералар орнатылған.

Қосымша. Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру

Мектепте өрт қауіпсіздігін жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар, оқу орнының әкімшілігі оқушылар мен әртүрлі материалдық құндылықтарды сыртқы факторлардың теріс әсерінен қорғау үшін әзірлейтін шаралар кешені ұйымдастырылған. "Оларға Ш.Г. А.Байтұрсынұлы" күтпеген өртті уақтылы жою, ал оның пайда болуын болдырмау үшін барлық қажетті заттармен толық қамтамасыз етілген. Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы Акт қоса беріледі.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері):

2022-2023 оқу жылында

